

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрінің бірлескен кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы № 484, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 10 шілдедегі № 454 Бірлескен бұйрығы

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының күші жойылуына байланысты және «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабы негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының және Ауыл шаруашылық министрінің бірлескен кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің (К.С. Оспанов) осы бұйрықты мемлекеттік органдарының басшыларының соңғысы қол қойған күнінен бастап бір апталық мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі С.З. Қайырбековаға және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық вице-министрі А.К. Евниевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік органдардың басшыларының соңғысы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылық министрі*

_____ Ж. Досқалиев

_____ А. Күрішбаев

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
2010 жылғы 30 маусымдағы № 484
бұйрығына және
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің бірлескен кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер тізбесі

1. Санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық-санитарлық ережелерді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 ж 14 мамырдағы № 376 және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2003 ж 15 мамырдағы N 266 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 маусымда № 2365 тіркелді).

2. "Қазақстан Республикасында күйдіргі бойынша эпидемиологиялық-эпизоотологиялық және санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) әрі ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастыру" санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық-санитарлық ережесі мен нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы № 905, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 10 қаңтардағы № 9 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 15 ақпанда № 3441 тіркелді, жариялануы: ҚР нормативтік құқықтық актілер Бюллетені, 2005 ж. 15, 102-құжат.)

3. «Адам және жануарлар үшін ортақ дерматомикоздармен күресу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 2 ақпандағы № 36 және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 7 ақпандағы № 108 бірлескен бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3474 болып тіркелген «Заң газеті» 2008 жылғы 19 қыркүйек, № 143 (1543) жарияланған).

4. «Қазақстан Республикасында листериоз бойынша эпидемиологиялық-эпизотиялық қадағалауды ұйымдастыру және санитарлық-індетке қарсы (алдын-алу) және ветеринарлық алдын-алу іс-шараларын жүргізу (індетке қарсы) санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық-санитарлық ережесі мен нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2007 жылғы 16 тамыздағы № 507 және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2007 жылғы 16 тамыздағы № 507 бірлескен бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4919 болып тіркелген, «Заң газеті» 2007 жылғы 19 қыркүйек, №

5. "Сүт тағамдарын дайындауға арналған объектілерді ұстап-күтуге және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық-санитарлық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринарлық-санитарлық ережелер мел нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 9 наурыздағы № 105, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 18 наурыздағы, N 214 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2005 жылғы 21 сәуірде 3575 тіркелгені жариялануы: "Заң газеті" 2005 ж. 8 қыркүйек, № 100 (724); "Заң газеті" 2005 ж. 3 қараша № 139 (763).